

**Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданының аумағында ауылдық округтер мен Мамлютка қаласы әкімдеріне барлық кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орын белгілеу және таңдаушылармен кездесуі үшін үй-жай беру туралы**

### *Күшін жойған*

Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 14 желтоқсандағы № 340 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 21 желтоқсанда № 5092 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 8 мамырдағы № 91 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы әкімдігінің 08.05.2019 № 91 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Конституциялық заңының 28-бабы 4, 6-тармақтарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 37-бабына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданының аумағында ауылдық округтер мен Мамлютка қаласы әкімдеріне барлық кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орын белгіленсін.

2. Осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданының аумағында ауылдық округтер мен Мамлютка қаласы әкімдеріне кандидаттарға таңдаушылармен кездесуі үшін шарттық негізде үй-жай берілсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы әкімінің жетекшілік ететін мәселелер жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысы  
Мамлют ауданы әкімінің  
міндетін атқарушы*

*Р. Ғаббасов*

**"КЕЛІСІЛДІ"**

**Мамлют аудандық аумақтық**

сайлау комиссиясының төрағасы

В. Целуйко

2018 жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы әкімдігінің 2018 жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_  
№ \_\_ қаулысына 1-қосымша

**Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданының аумағында ауылдық округтер мен Мамлютка қаласы әкімдеріне барлық кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орын**

№	Елді	
р/с	мекеннің атауы	Үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орын
1	Мамлютка қаласы	Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы Мамлютка қаласы Сәбит Мұқанов көшесі 11 мекенжайы бойынша орналасқан "Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданының Мамлют № 1 мектеп-гимназиясы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының аумағы

Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы әкімдігінің 2018 жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_  
№ \_\_ қаулысына 2-қосымша

**Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданының аумағында ауылдық округтер мен Мамлютка қаласы әкімдеріне кандидаттарға таңдаушылармен кездесуі үшін шарттық негізде үй-жай**

№	Елді	
р/с	мекеннің атауы	Кездесуі үшін үй-жай
1	Мамлютка қаласы	Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы Мамлютка қаласы Сәбит Мұқанов көшесі 11 мекенжайы бойынша орналасқан "Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданының Мамлют № 1 мектеп-гимназиясы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің акт залы